

В рамках социологического исследования, главной задачей было выявить основной мотив участия студентов-спортсменов в соревнованиях по национальным видам спорта.

Лидирующим мотивом для спортсменов (16,7 %) является развитие различных качеств: силы воли, целеустремленности, упорства, уверенности, решительности, смелости, мужества, ответственности и т.д. Следующий этап занимает потребность расширения круга общения, налаживания межличностных взаимоотношений между спортсменами, знакомство с знаменитыми спортсменами и тренерами – 12,3 %. И на третьем месте обосновались мотивы сохранения традиций, развития духовного потенциала. Средним показателем является пропаганда здорового образа жизни (9,3 %). Низшую ступень занимают материальные ценности – 7,4 %.

Таким образом, прослеживается закономерность возрождения национальных видов спорта, влияющих не только на зрелый возраст, но и на молодое поколение. В рамках исследования нами проанализировано, что все виды национального спорта направлены на развитие у молодежи физических и духовных качеств, на воспитание у молодого поколения воли к достижению цели, на единение с природой, культурой, с традициями.

Прежде всего, национальные виды спорта воспитывают морально-волевые качества и выступают как символ сохранения культурного и социального наследия как источника подтверждения тех связей общественной структуры и культурных воззрений, которые упрочивают это наследие. На примере студентов-спортсменов нами выявлено, что молодежь на сегодняшний момент разделяет ценности развития национальных видов спорта.

Литература:

1. Бымбыгыденова С.Б. Классический спорт и национальные спортивные игры как средство социально – духовного развития студентов // Потенциал молодежи – развитию территории» в рамках Байкальского экономического форума: материалы науч.-практ. конф. – Улан-Удэ, 2012.
2. Национальные виды Якутой АССР: учеб. пособие для студентов факультета физического воспитания Якутского государственного университета. – Якутск: Изд-во ЯГУ, 1988. – С. 15- 17.
3. Энциклопедический словарь по физической культуре и спорту / гл. ред. Г.И. Кукушкин. – М., 1961. – Т. 1. – 368 с.
4. Бойко, А. В. (2020). "Национальные виды спорта как средство воспитания молодежи". Физическая культура: наука и практика, 3(1), С.45-52.

Атембеков Н.Р., Саликов Ж.К., Біраяқ Ж.Б., Кайырбеков Е.Д.
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университеті
Жөкенов Н.С.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Университетінің магистранты

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР - ЖАСТАРДЫҢ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, дербес мемлекет ретінде қалыптасқан сәттен бастап ұлттық мәдениеттің дамуы мен өркендеуіне мемлекетіміз баса назар аударуда. Сондықтанда өскелең ұрпақты рухани құндылықтарға негіздей отырып тәрбиелеу күннен күнге маңызды мәселеге айналуда.

Бүгінгі күнде жас ұрпақтың ұлттық саланын белсенді дамыту барысында дене тәрбиесі, дене шынықтыру сабақтарында қазақтың ұлттық ойындарын пайдалануы оқыту процесін ізгілендірудің маңызды бағыты болып табылады [1].

Әр ұлттық ойынның өзіндік ерекшелігі бар, олар әдеттегі жаттығулардан өзінің моделімен, эстетикасымен, адамгершілік нормаларын жоғарғы құндылық ретінде алға қоюмен ерекшеленеді. Қазіргі уақытта ұлттық ойындарды қолдана отырып оқыту мен тәрбиелеу, жастарды патриоттық және интернационалдық тәрбиелеуде кең мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар, білім беру үрдісінде ұлттық ойындарды қолдану білім алушылардың мотор компоненттерін, ұлттық мәдениет туралы білімге негізделген танымдық компоненттерін және эмоционалды компоненттерін жан-жақты қалыптастыруға жол ашады. Дене тәрбиесі ұлттық мәдениетпен қарым – қатынаста айқын гуманистік мәнге ие болады, себебі, дене шынықтыру – мектеп пәні, ал ұлттық мәдениет – адам қызметінің саласы. Бұл аталған қарым – қатынас білім алушыларды интегративтілікке, жан-жақтылыққа және өзгергіштікке негіздей отырып, өзара әрекеттестікті қалыптастырады [2].

Ұлттық ойындар – бұл осы ойындарды қалыптастырған халықтың өмір сүру салтының, жалпы этностың және оның даму тарихының жарқын көрінісі. Ұлттық ойындар әрдайым тәрбиелік, әскери-спорттық, коммуникативті және т. б. қоғамдық функцияларды орындайды.

Ұлттық ойындар бізге ата-бабаларымыздан қалған халықтың өткенімен бүгінгі күніне баға беретін рухани құндылықтар болып табылады. Сондықтан жас ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық педагогикалық тәсілдері қолдану мемлекет үшін ғана емес, әрбір өскелең ұрпақ үшін де үлкен маңызға ие. Жастарды жаттықтыруды ұлттық ойындар негізінде жүзеге асыру, ол олардың дене мәдениетін ғана қалыптастырып қоймайды сонымен қатар, жастардың шығармашылық қабілеттерін жақсартады және жетілдіреді.

Қазіргі уақытта ұлттық педагогика әдістеріне деген қызығушылық артып келеді. Солардың бірі ретінде ұлттық ойындарды дәріптеу мақсатында өткізілетін іс-шараларды (конкурстарды, ұлттық ойын түрлерінен жарыстарды) жатқызуға болады [3].

Ұлттық ойындар физикалық қасиеттерді жетілдіріп қана қоймайды, сонымен қоса, жылдамдық, ептілік және күш-жігерді қалыптастыруға және адамның жеке басының дамуына үлкен әсер етеді. Абай Құнанбаев атамыз айтып кеткендей: «Адам ақылды болып туылмайды, ол өзі бәрін құлақпен тындап, көзбен көруі керек, бәрін қолымен ұстап, сезінуі керек». Сонда ғана жасалып жатқан әрекет адам жадында тез сақталып қалады. Сондықтанда білім алушыларды ұлттық ойындарға тәжірибелік баулу маңызды факторлардың бірі болып табылады.

Қазақтың ұлттық ойындарының түрі өте көп. Ғалым-зерттеушілер ұлттық ойын түрлерін негізгі бес топқа жіктеп қарастырады:

1. Аңға байланысты ойындар: ақсерек-көксерек, аңшылар, аңшылар мен қояндар, кірпіше қарғу, қас-құлақ, ордағы қасқыр.

2. Малға байланысты ойындар: аларман (қойға қасқыр шапты), асау көк, бура-қотан, көксиыр, соқыр-теке, түйе мен бота.

3. Түрлі заттармен ойналатын ойындар: ағаш аяқ, аққала, ақпа, ақсүйек, ақшамшық, алакүшік, алтыбақан, арқан аттау, арқан тартпақ, арқан тартыс, арынды арқан, асау мәстек, асық, аттамақ, ауыртаяқ, әйкел, әуетаяқ, батпырауық, белбеу соқ, белбеу тартыс, дауыстап атыңды айтам, епті жігіт, жаяу көкпар, жемекіл, жігіт қуу, жігіт ойыны, күзетшілер, күміс ілу, камалды қорғау, қараше, кимақ, қыз қуу, лек (шөлдік), монданақ, орамал тастау, сақина жасыру, сиқырлы таяқ, тапшы, кімнің дауысы, таяқ жүгірту, тепе-теңдік, тобық, тұтқын алу, түйілген орамал, шалма, шертпек, шілдік және т.б.

4. Зеректілікті, ептілікті және икемділікті қажет ететін ойындар: айгөлек, айдапсал, атқума, аударыспақ, бағана өрмелеу, балтам шап, бөріктастамақ, бұғыбай, бұқатартыс, көкпар, көрші, күрес, қарамырза, қассың ба, доссың ба?, қындық-сандық, орын тап, отырмақ, санамақ, сұрақ-жауап, тасымақ, тасымалдау, тең көтеру, тымпи-тымпи, ұшты-ұшты.

5. Соңғы кезде қалыптасқан ойындар: әріп тандау, бригада, мейрамхана, нөмір, пароль, пошта, сымсыз телефон, сыңарын табу. Бұлардың ішінде бірқатар ойындар спорттық, той ойындары болып саналады.

Ал енді, қазақтың ұлттық ойындарының ішінде «қуырмаш» тәрізді жас сәбилерге арналған да ойындар бар. Біз енді қазақтың ұлттық ойындарының негізгілерін талдап, тарқатсақ. Ақсүйек. Қыз-бозбалалар оны жазғы айлы түнде ойнаған. Ойын бастаушы

жылқының бақай сүйегін, ол болмаса қойдың жілігін, немесе жауырынын, жамбасын қолына алып, ойынға қатысушыларға көрсетіп, белгілеп алады да, ойыншыларды екі топқа бөліп, алысырақ барады да ақсүйекті лақтырып жібереді. Қай топтың ойыншылары ақсүйекті бірінші болып тапса, сол топ жеңген болып саналады. Сүйек еті мүжіліп, далада жатып күнге күйіп, әбден ағарған болуға тиісті.

М.Гуннер қазақтың ұлттық ойындарын жеті топқа бөлсе, ғалым Е.Сағындықов ұлттық ойындарды үш топқа бөліп көрсеткен. Ұлттық ойындар баланың еңбекке деген қарым-қатынасы мен ойлау қабілеттерін арттырады және баланы шымыр, епті, зерек, алғыр, тапқыр да парасатты болып өсуге тәрбиелейді. Бұл жөнінде Ахмет Жүнісов былай дейді: «Өзге халықтар сияқты қазақтың да ертеден қалыптасқан, атадан-балаға мұра болып жалғасып келе жатқан ұлттық ойын-сауық түрлері бар. Зер салып байқап отырсақ, ол ойын-сауықтар қазақтың ұлттық ерекшелігіне, күнделікті тұрмыс-тіршілігіне тығыз байланысты туған екен және адамға жастайынан дене тәрбиесін беруге, оны батылдыққа, ептілікке, тапқырлыққа, күштілікке, төзімділікке т.б. адамгершілік қасиеттерге баулуға бағытталған екен» [4].

Тарихымызға көз жүгіртер болсақ, ұлттық ойындар қазақ халқының өмірінде үлкен маңызымен қатар алуан түрге ие болған. Ең қызығы кішкентай балалардан ересек адамдарға дейін қатысып ойнайтын сан алуан ойын түрлері болған. Соның бірі тоғызқұмалақ ойыны.

«Тоғызқұмалақ» – ең ежелгі ойындардың бірі. Ертеде өмір сүрген малшылардың отаулар мен екі қазанды үлкен ойықтары тоғызқұмалақтың осыдан төрт мың жыл бұрын жасалғандығын ғалымдар нақты дәлелдеп отыр. «Тоғызқұмалақты» қойшылар ойыны дейтіні – таңнан кешке дейін табиғат аясында қой баққан қойшылар уақыт өткізу үшін шұңқыр қазып, оған қойдың кептірілген 162 құмалағын салып ойнайтын болған [5].

Ал, бүгінгі күнде «Тоғызқұмалақ» – зияткерлік ойындардың бірі. Ол ұлттық спорт ойыны ретінде кез-келген адамның интеллектуалдық логикалық ойлау қабілетін дамытады. Жалпы ұлттық ойындардың қай қайсысын алып қарасақта, ол кез-келген жеке тұлғаның тұлғалық қабілеттерін дамытуға өз септігін тигізеді.

Еліміздегі жастардың қазіргі денсаулық жағдайы біртіндеп нашарлау үрдісімен сипатталады. Бұл фактінің себептерінің бірі-халықтың денсаулық сақтау және дене тәрбиесі жүйесі уақыттың сұраныстарына, қазіргі замандағы денсаулық қажеттіліктеріне, физикалық дамуға және адамдардың өмір сүру ұзақтығына сәйкес келмеуімен байланысты. Бұл жағдай жастардың дене шынықтыру тәрбиесін жан-жақты дамыту үшін түбегейлі модернизация қажет екенін көрсетеді.

Біз сол себепті, жастардың дене шынықтыру тәрбиесін ұлттық спорт түрлерімен жетілдіруді ұсынамыз. Осы ұсынылып отырған ұлттық спорттық ойын түрлерін дамыту, жастардың салауатты өмір салтына, қоғам мен әрбір адам үшін құндылық болып табылатын, денсаулықты нығайтуға өз ықпалын тигізетіні сөзсіз. Дене белсенділігі адамның жеке басына, оның ішінде адамгершілік және психикалық, интеллектуалдық және коммуникативтік қабілеттерге, қарым-қатынас мәдениетіне, тәрбие мен құндылықтарға, бүкіл қоғамның денсаулығына жан-жақты әсер етеді. Дене шынықтыру және спорт қоғам дамуының белгілі бір тарихи жағдайларының өнімі ретінде адамдардың рухани қызметінің тарихи нәтижелерінің жиынтығын құрайды.

Ата бабаларымыз өскелең ұрпақты тәрбиелеудің бай тәжірибесін жинақтап, адам мінез-құлқының ережелерін, нормалары мен принциптерін біріктірілген әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді қалыптастырған. Әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тарихи, табиғи-климаттық жағдайлардың өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес көшпелі қазақтардың балалар мен жастарды оқыту мен тәрбиелеуге өз талаптары болған. Жастардың ішкі әлеуетінің жасампаз күші белсенділік, күш пен шығармашылықтың қайнар көзі болып табылады.

Оның субстанциясы –әдет-ғұрыптар, салт-дәстүрлер. Әр ұлттың өзіндік әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері мен өмір сүрудегі ұстанымдары болады. Солар арқылы жүздеген жылдар бойы әр халықтың өзіндік мәдениеті сақталып отырған және бұл сөзсіз оқу процесіне әсер ететін факторлардың бірі. Біз өскелең ұрпақты дәстүр мен озық мораль рухында тәрбиелеуге, оған мінездің жағымды қасиеттерін сіңіруге, прогрессивті халықтық әдет-ғұрыптарды өмірге енгізуге тырысамыз. Ұлттық ойындар мен ойын жаттығулары ерте

жастан бастап адамның рухани әлеміне енеді. Сондықтан да қазақтың ұлттық ойыны, ойын кимылдарының ішінде ең маңыздысы болып табылады.

Қазақ ұлттық ойындарының өзіндік ерекшеліктерінің бірі олар халықтың өмірінен, тұрмысынан және дәстүрлерінен бастау алуы. Ұлттық ойындар гуманизм мен әлеуметтік әділеттілікке үйретеді. Ұлттық ойындардың басымдығы әуездің әдістемелік ырғағына негізделуі. Сондықтан қазақтың ұлттық ойындары өмірде ерекше орын алады – әр ойынның өзіндік мазмұны, айрықша ерекшелігі бар.

Ұлттық қозғалмалы ойындар бастауыш сынып оқушыларының орталық жүйке жүйесіне пайдалы әсер етеді. Ұлттық қозғалмалы ойындардың жүйелі сабақтастығының арқасында білім алушылардың дене бітімі жақсарады, омыртқасы созылады, денесі тегіс, сымбатты болады. Сондай-ақ, қазақтың ұлттық қозғалмалы ойындары білім алушылардың жылдам қозғалу қабілетін анықтайтын жүйке процестерінің барысына әсер етеді, нәтижесінде ептілік сапасының негізін құрайтын қозғалыс реакцияларының икемділігіне қол жеткізілетінін атап өткен жөн.

Әдебиеттер:

1. Концепция развития интеллектуального потенциала нации в системе непрерывного образования Республики Казахстан. – Алматы: «Ұлағат», 2013. – С. 36.
2. Формирование интеллектуального потенциала нации в условиях высшей школы: Сб. науч. тр. – Алматы: Изд-во «Ұлағат» КазНПУ имени Абая, 2012. – С. 336-340.
3. Танекеев М. Т. От байги до Олимпиады. - Алма-Ата: Казахстан, 1983. – С. 208.
4. Жүнісов, А. Бабалар дәстүрі: қазақтың байырғы тұрмыс-салт ғұрыптары /А. Жүнісов.- Алматы, 1992. - 79б.
5. Гуннер М. М. Сборник казахских национальных игр и развлечений. – Алма-Ата, 1938. – С. 38-45.

Байдосова А.А.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ, Шымкент қ.

Бейсенбаева Қ.Н.

№132 ЖОББМ Шымкент қ.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі қазақ мектептерінде ұлттық ойындарды дене шынықтыру пәнінде пайдалану, ұлттық дәстүрлерді жастардың санасына дене тәрбиесі арқылы сіңірумен бірге, халықтың ғасырлар бойы тірнектеп жинаған рухани байлығын бүгінгі заман талабына сай іске қосудың тиімді бір жолы және ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру мен олардың үндестігін сақтаудың тәсілі.

Бұл барлық ұлттардың ойындарына тән қасиет. Сондықтан олардың барлығы да ұлттық ойындарды дене тәрбиесінің құралы деп біледі. Қазақ халқының ұлттық ойындары, қолданыс ауқымы жағынан диапазоны кең, әржақты болып келеді. Оған себеп болған, әсіресе, көшпелі тұрмысы мен шаруашылық, экономикалық ортасының әсері. Көшпелілер мәдениетінің көш басында тұрған халқымыз өзіндік ерекшелігі бар мәдени орта жасай білген.

Сол халық жасаған бай мұраның бір айрықша бөлігінің сыбағалы салмағы дене тәрбиесінің үлесіне тиеді. Ұлттық ойындардың шығу, жасалу тегінің өзі белгілі бір мақсат бірлестігін, тек көңіл көтеру, көз қуанышы ретінде қызметі ғана емес, адамға тән қасиеттерді тұтас алып дамытуға меңзейтінін көрсетеді. Сондықтан мұнда ойын-сауық тұрмыс-салтпен байланысты да, адамның денесін шынықтырып, спорттың небір қиын көп жаттығатын түрлері де, адам ойын шындап ой жаттықтырушысы қызметін атқаратындарды да жетерлік. Сонымен ұлттық ойындар басқа жұрттағыдай тек дене шынықтыру құралы ғана емес, бүкіл